

Мектеп тарихы сыр шертеді...

Егемендік алған тәуелсіз Қазақстанның әлемдік өркениетке жетудегі бірден-бір дара жолы – білім жүйесі. Чкалов селосында орналасқан білім ордасы өзінің тарихын ХХ ғасырдың аяғынан бастау алады. Чкалов ауылындағы қазақ сыныптар КСРО уақытында біршама болған еді. Дегенмен ауылдың тұрғындарының ұлт ерекшеліктеріне қарай ХХғ. 60-80жж. жабылып қалған .

ҚР Үкіметінің 1999 жылғы 19 қазанда қабылдаған №1754 «ҚР Білім және ғылым министрлігінің мәселелері» қаулысына сай қайта құрылып, Тайынша аудандық білім бөлімінің 2000 жылғы 1 тамыздағы №17 қаулысы негізінде Чкалов қазақ орта мектебі ашылды. Мектептің ашылуына ат салысқан жерлесіміз, облыс әкім қызметін атқарған Нагманов Қажымұрат Ибраевич. Алғашқы 2000-2004 оқу жылында Хаймуллин Шаймерден Какенович директор қызметін атқарды. Сол кезеңде барлығы 10 сынып комплектімен 115-120 оқушы білім алып, 22 ұстаз қызмет етті. Сол тәлімгер ұстаздарымыз: Тулетаева Гүлжамия Нурабаевна. Шайхина Ырысты Құрманғалиевна, Мұқажанова Майра Хамитовна, Ешкеева Шолпан Баймановна, Құсаинова Сабира Даулетхановна, Исмагулов Канат Ахметбекович, Исмагулова Нұрғайша Таскеновна, Құттығожин Нұрлан Сапарұлы, Шындаулетова Ляззат Талғатовна, Кайкенова Асемгуль Амангельдиевна.

Мектеп тарихындағы тұңғыш «Алтын белгі» иегерлері: Хусаинова Нүргүл 2016ж., Бақыт Жанель -2019ж.